

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Орындаған: Аскербек Талғат, Тоқтамысова Диляра

Курс: 2

Тобы: В15 ФинЗ

Қабылдаған: Қалдыгозова М

Алматы облысы – еліміздегі ауыл шаруашылығы дақылдарының көптеген түрін өндіретін, яғни агрокәсіпкерлігі дамыған ірі өңір. Республикадағы ауыл шаруашылығы өнімінің 16 пайыздан астамын Алматы облысы өндіреді.





Республика көлемінде ауыл шаруашылығы саласында Алматы облысы мүйізді ірі қара, жылқы және құс бастары санынан, жүгері, қант қызылшасын, соя, табак, картоп және көкөніс өсіруде, ет, жұмыртқа және жүн өндіру бойынша бірінші орын алады.

Алматы облысы жеміс-жидек өндіру бойынша ең ірі өңір болып табылады. Жеміс беретін жеміс-жидек ағаштарының егістік көлемі облыста 17,5 мың гектарды, жүзімдіктер - 4,4 мың гектарды құрады.

2016 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өндіріс көлемі 227,8 млрд. теңгені құрады және соңғы бес жыл ішінде 2,2 есеге артты.

2016 жылғы қаңтар-тамыз аралығында Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері барлық сала бойынша орнықты динамикаға ие болды.

Атап айтқанда, ауыл шаруашылығында 178,7 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 100,7% құрады.

175,8 мың тонна мал және құс еті өнімдері,
464,8 мың тонна сүт, 643,0 млн. дана жұмыртқа өндірілді,
8,0 мың тонна жүн қырқылды.

Мал басының саны: ірі қара бойынша – 1051,3 мың бас,
қой-ешкі – 4006,9
жылқы – 296,6 және құс – 8709,0 мың басты құрап отыр.





маты облысының мал шаруашылығында мал мен құстың барлық түрлері артып келеді. Соның ішінде, «**Сыбаға**» бағдарламасының арқасында асыл тұқымды ірі қараның үлесі 14 пайызға жеткізіліп, асыл тұқымды қой мен ешкі 21 пайыздан асты. Бағдарлама шеңберінде 20 мыңнан астам басқа арналған 363 фермерлік шаруашылық, 12 мың басқа арналған мал бордақылау алаңдары, 3,5 мыңнан астам репродуктор шаруашылықтары құрылды

Ауыл шаруашылығын қолдау аясында биылғы жылдың 10 айында ауылдықтар 13 млрд. теңге қаржылай қолдауға ие болды. Бүгінде облыс ауылшаруашылық өнімдерімен өзін-өзі толық қамтамасыз етіп, басқа өңірлерге шығаруға да қол жеткізді



**Ауыл шаруашылығын
қаржылай қолдау қоры**
акционерлік қоғамы

Қордың негізгі мақсаты - ауылды жерлердегі шағын бизнес субъектілерін қолдау болып табылады. Көбінесе, қаржы мал бордақылау алаңдарын кеңейтіп, мал сатып алуға бағытталады. Өткен жылы Алматы облсында өз бизнесін ашамын немесе дамытамын деген азаматтардың саны 3800 құрады.

2016 жылы Алматы облысында бизнесті қолдау мақсатында республикалық, салалық және аймақтық бағдарлама бойынша 15,4 млрд теңге қаржы бөлінген. Ал, өткен жылы бұл сома 5,6 млрд теңгені құраған. Демек, өткен жылдан бұл көрсеткіштің 3 есе көп екені байқалады. Қаражаттың 6 млрд теңгесі «**Бизнестің жол картасы-2020**» бағдарламасы бойынша, 3 млрд теңгесі «Даму» қорынан, 600 млн теңгесі «**Атамекен**» ҰКП тарапынан бөлінген.



ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

Шағын және орта кәсіпкерліктің нарықтық экономикада алатын орны ерекше. Өйткені, орта және шағын кәсіпкерлік - экономиканың ұтқыр әрі нәтижелі секторы және экономикалық өсу факторларының бірі болып табылады.

Орта және шағын бизнестің даму мәселелері біздің еліміздің басшылығы үшін әрдайым басымдықты мәселе болып табылады. Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында шағын және орта бизнестің дамуын – еліміздің экономикалық саясатының басымдықты бағыттарының біріне жатқызған. Шағын және орта бизнесті дамыту – Қазақстанның ХХІ ғасырдағы индустриалдық және әлеуметтік жаңаруының басты құралы болып табылады. Біздің экономикамыздағы шағын және орта бизнестің үлесі қаншалықты көп болса – Қазақстанның дамуы да соншалықты тұрақты болады

АЛМАТЫ ОБЫЛСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУЫ

- **2016 жылдың 1 желтоқсанына ауданда 2491 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызмет көрсетіп, былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 107 бірлікке көбейіп, 104,5 пайызды құраған.**
- **Оның 257-сі - сауда нысандары, екеуі - сауда базары, 113-і - қызмет көрсету нысандары және 25-і - қоғамдық тамақтану орны. 25 белсенді кәсіпорын жұмыс істеп, әктас, құм және қиыршық тас, кірпіш, жиһаз, ауыл шаруашылығы өнімдері мен нан, кондитерлік, макарон өнімдері, жартылай фабрикаттар, шырын сынды азық-түлік тауарларын өндіруде.**


2016 ЖЫЛҒЫ МӘЛІМЕТ БОЙЫНША

1 – кесте. ҚР шағын және орта бизнес жөніндегі мәліметтер

Аймақ атауы	Кәсіпкерлік субъектілер	Шағын бизнес	Орта бизнес	Жеке кәсіпкерлік	Шаруа (фермер) қожалықтары
Оңтүстік Қазақстан	119246	4455	474	55496	58821
Алматы облысы	103241	4256	520	49454	49011
Шығыс Қазақстан	61995	4517	499	41580	15399
Алматы қаласы	56221	18215	2335	35664	7
Қарағанды	41756	4875	747	30161	5973

Шағын бизнесті дымытудың негізгі көрсеткіштерінің динамикасы

№1 диаграмма



2009 жылы қаржының тұрақты болмауына қарамастан 2006-2011 жылдар кезеңінде ШОБ белсенді субъектілерінің саны 69 %-ға өскен. (№1 диаграмма).

Шағын бизнес кәсіпорындарында 2006-2011 жылдар кезеңінде жұмыс істеушілер саны - 48 %-ға өскен.

2006-2011 жылдар кезеңінде өнім өндіру 4 есеге көбейді.

ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ ОДАН ӘРІ ДАМУҒА ТОСҚАУЫЛ БОЛАТЫН БАСТЫ СЕБЕПТЕР, БҰРЫНҒЫСЫНША ҚАЛЫП ОТЫР, ОЛАР:

- - нормативтік құқықтық реттеудің жетілдірілмеуі;
- - қаржы ресурстарының қолжетімсіздігі;
- - шағын бизнесті оқыту мен ақыл-кеңес берудің тиімді жүйесінің жеткіліксіздігі;
- - кәсіпкерлік қызметті ақпараттық ілестірудің әлсіздігі;
- - білікті кадрлардың жеткіліксіздігі.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БАСЫМ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Бағдарламаның
Стратегиялық мақсаты ШОБ
даму үшін жағдай жасау,
жаңа жұмыс орындарын
құру, аумақтар мен
экономика секторын даму,
халықтың тұрмыс деңгейі
мен сапасын арттыру болып
табылады.

Алматы қаласының аумағында
шағын және орта кәсіпкерлікті
дамуға жәрдемдесу жөнінде
шараларды іске асыру
мәселеге кешенді және келелі
қарауды талап етеді, мұның өзі
бағдарламалық-мақсатты
әдістерді қолдануды және
Бағдарламаның сектор, ресурс,
орындаушы, сондай-ақ
бақылаудың ұйымдық үдерісі
бойынша болжамдайтын

**«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

- 1) «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Есік психоневрологиялық интернат - үйі» КММ,**
директоры Егенбаева Гүлсара Қалиқызы
(Есік қаласы, Орымбетов к-сі, 214 үй, тел.: 8 (727-75) 7-33-87);
- 2) «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Мейірім» Панфилов интернат-үйі» КММ,**
директоры Раев Амантай Абдықадырұлы
(Жаркент қаласы, Головацкий к-сі, 2 үй, тел.: 8 (728-31) 5-22-04);
- 3) «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Сарқан психоневрологиялық интернат-үйі» КММ,**
директоры Асқарова Айгүл Оразғалиқызы
(Сарқан қаласы, Абай к-сі, 38 үй, тел.: 8 (728-39) 2-22-83);
- 4) «Талғар психоневрологиялық интернат-үйі» ММ,**
директоры Сұлтанов Тұрлыхан Базилұлы
(Талғар қаласы, Сәтпаев к-сі, 4 үй, тел.: 8 (7273-88-26-26);
- 5) «Қамқор» балаларға арналған психоневрологиялық Талдықорған медициналық әлеуметтік мекемесі» ММ,** директоры Жиенбекова Меруерт Нұрахметқызы
(Талдықорған қаласы, Балпық би к-сі, 248-а, тел.: 8 (7282) 23-42-17);



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!